

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 836 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазгипросушар институты" өндірістік кооперативі Алматы облысы Панфилов ауданындағы магистральды арналарды қосумен Қорғас өзенінде "Достық" біріктірілген су торабын салудың 1994 жылы әзірленген техникалық-экономикалық негіздемесін түзету жөніндегі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жасалатын шартты қаржыландыруды;

қызметкерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы